

№5 қыркүйек
сентябрь 2019 (18)

ZIAT



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ



**ҰСТАЗДЫҚТЫ
ҰСТАНЫМ
ЕТКЕН...**

**Тлеубаев Е.О.
46.**



Редактор бағаны

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы» деп, халқымызды алда күтіп тұрған асқар асуларды, төтенше маңызды мақсат-міндеттерді атап көрсетіп берген еді. Осы Жолдауда Қазақстан Республикасындағы білім беру мәселесін айрықша атап көрсетіп (Қазақстан жолы – 2050. 4 бағыт. БІЛІМ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАШЫҚ - ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ, КАДР ДАЯРЛАУ МЕН ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРЫ/Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтары), бұл салаға жаңашылдық енгізіп, түрліше реформалауды баса айтып көрсеткен.

Кез-келген мемлекеттің болашағы оның білім және ғылым деңгейінің қаншалықты дамуына тікелей байланысты. «Ел болам десек - бесігінді түзе» деп ұлы Мұхаң айтқандай, осы күні өсіп-жетіліп келе жатқан жас жеткіншектерге, оқушылар мен студенттерге білім берудің соңы тәсілдерін қолданып, олардың қоғамда толық азамат болып қалыптасуына ықпал ете білу керектігі күн тәртібінен түспеген мәселе.

Осы орайда «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығы» ЖШС 2016 жылдың мамыр айынан бастап шығаратын «ZIAT» ғылыми-әдістемелік журналы білім беру және ғылым кеңістігіндегі инновациялық жаңалықтарды және педагогтар, студенттер, оқушылар мен мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің ғылыми-танымдық еңбектерін жариялап отырмақ. Журналдың негізгі міндеті: оқушылар, студенттер және ұстаздардың түрлі тақырып бойынша жазған еңбектерін көпшілік назарына ұсыну, мұғалімдерге білікті педагог ретінде қалыптасуға жәрдемдесу, ғылымдағы әр деңгейдің арасында қарым-қатынасты нығайтуға әрекет ету. Журнал мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықтағы мәселелерді қамтиды.

№5 (18) сентябрь 2019

Құрылтайшы/Учредитель

"ZIAT" Ғылыми-әдістемелік орталығы
Научно-методический центр "ZIAT"

"ZIAT" журналы 2016 жылы 25 мамырда
Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Ақпарат министрлігінде тіркеліп,
№16000-Ж куәлігі берілген.

Журнал "ZIAT"

зарегистрирован 25 мая 2016г
в министерстве Культуры и информации
Республики Казахстан и выдано
свидетельство №16000-Ж.
ISSN: 2617-1937

Журнал Қазақстан Республикасының
мерзімді баспасөз тізіміне енгізілген.

МББ индексі 74926.

Журнал включен в список
периодических изданий
Республики Казахстан.

Индекс ППИ 74926.

Шығу жиілігі: Жылына 6 рет шығады
Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын
тілдерінде басылады.

Периодичность:

Выходит 6 раз в год,

материалы публикуются на
казахском, русском, английском языках.

Адрес редакции:

010000

г.Нур-Султан,
ул. Иманова 50

E-mail:

ziat.journal@mail.ru

Сайт:

www.centeroir.kz

Журналды редакциядан
сатып алуға болады.
Жазыламын деушілер
жоғарыдағы мекен-жайға
хабарласа алады.

Таралымы/Тираж
1000

Редактор/ редактор:

Сергазина А.К.

Редактор орынбасары/Зам.редактора

Идрисов Б.Ш.

Беттеуші-дизайнер/Дизайн, верстка

Кимашева Г.Е.

Редакциялық алқа/Редакционный совет:

Жұманова Б.Қ. – ""ZIAT" ҒӨО-ғы" ЖШС директоры

Урынбасарова Э.А. – п.ғ.д., профессор

Орынбаев А. А. – п.ғ.к.,

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері,

ҚазҰЖҒА корреспондент-мүшесі

Төрекұлова Д. М. – э.ғ.д., профессор,
ҚазҚЭЖХСУ "Менеджмент" кафедрасының меңгерушісі

Төрекұлова Ә. Н. – PhD докторы,

""ZIAT" ҒӨО-ғы" ЖШС ғылыми қызметкері

Ұмбетпаева С. К. – жоғары категориялы ұстаз,
РФ-ның еңбек сіңірген қызметкері, Ресей құрметті ұстазы

Баймағамбет О.А. – педагог-әдіскер

Жуманова Б.К. – директор ТОО "НМЦ "ZIAT""

Урунбасарова Э.А – д.п.н., профессор

Орынбаев А. А. – к.п.н.,

Почетный работник образования РК,
член-корреспондент КазНАЕН РК

Турекулова Д.М – д.э.н., профессор,
зав. кафедрой "Менеджмент" КазУЭФимТ

Турекулова А.Н - доктор PhD,

научный сотрудник ТОО "НМЦ "ZIAT""

Ұмбетпаева С.К – учитель высшей категории,
Заслуженный работник РФ, Почетный учитель России

Баймағамбет О.А – педагог - методист

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Тлеубаев Е.О. «Ұстаздықты ұстаным еткен...».....	4
--	---

Педагогикалық тәжірибе/Педагогический опыт

Базарова Б.Р. Оқушымын мен енді! Сөйлеу.....	8
Бердығалиева Г.М. «Көңілді ноталар» атты үйірменің жоба жұмысы.....	12
Веревкина О.И. Удивительный мир звуков.....	15
Латыпова Н.Н. [С] дыбысын буында, сөзде машықтандыру.....	18
Лосева Н.А. Путешествие в Звукоград.....	21
Мухаметова А.Б. 100 көлемінде ауызша қосу және азайту.....	24
Рахметов Ф.Ю. Конспект урока по физической культуре в 6 классе.....	29
Саденова Л.С. Мен бақытты баламын!.....	31
Стрельникова Г.В. Жизнь диких животных зимой.....	35
Тихонова А.А. Использование подвижных игр для приобщения к здоровому образу жизни.....	37
Түймебаева А.К. Ғажайып қалам.....	40
Шадибекова Д.А. Формулы сокращённого умножения.....	42
Швец О.Н. Путешествие в королевство математики.....	46

Ғылыми ізденістер/Научное обозрение

Егорова А.Д., Васева И.Н. Выставка РҮР и учащиеся, ориентированные на Действия.....	50
Елешова А.И. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік кабинет жұмысының негізгі бағыттары.....	53
Петровская Н.С. Педагог и процесс реализации обновления содержания образования в Республике Казахстан.....	55
Шыныбаева А.С. Салауатты өмір салтын үйрету технологиясы. Жалпақ табан профилактикасына арналған жаттығулар.....	58

Қазақстанның болашағы/Будущее Казахстана

Утешев Мурат	60
--------------------	----

Жылдар қойнауынан жеткен сыр.../Взгляд сквозь годы...

Истаупова О.М. Тәлім алғың келетін ұстаз!.....	62
--	----

Шығармашылық мүйісі/Уголок творчества

Материалы с детских творческих конкурсов.....	63
---	----



ҰСТАЗДЫҚТЫ ҰСТАНЫМ ЕТКЕН...

Ұстаздық - ұлық емес, ұлы қызмет.

Бауыржан Момышұлы



«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген Ыбырай Алтынсарин. Расында, шәкірт жүрегіне жол таба білу, әр оқушыны қанаттандырып, білім нәрімен сусындату – кез – келген ұстаздың қолынан келе бермейтіні сөзсіз. Десек те, ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де, бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім мен тәрбие алған. Сондықтан да ұстаздық жолын мамандықтардың төресі деп айтуға әбден болады.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дейді қазақ. Осылайша шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп жүрген шоқтығы биік ұстаз жайлы әңгіме өрбіткіміз келіп отыр. Алдынан өткен әр шәкіртіне сүйіспеншілікпен қарап, адами қасиеттерді бойына сіңіріп жүрген Тлеубаев Ержан Орынбасарұлы 1969 жылы 27 шілде

айында Жамбыл қаласында туған. Білім жолын 1984-1988 жылдар аралығында Жамбыл педагогикалық училищесінде бейнелеу өнері, сызу және еңбек факультетінен бастаған. Ал 1989-1994 жылдары Жамбыл педагогикалық институтында худграф факультетінде оқыған. Сөйтіп ұстаздық қызметі 1989 жылы басталған. 1995 жылдан бері Ержан Орынбасарұлы Жамбыл облысы Тараз қаласында Төле би атындағы №8 гимназияда мұғалімдік қызметін адал атқарып келеді. Жалпы еңбек өтілі 30 жыл. Ұлағатты ұстаз еңбек етіп жүрген киелі шаңырағына өз атынан оқу орнының макетін жасап, сыйға тартқан болатын.

Ержан Орынбасарұлы қызмет етіп жүрген мектеп тарихына тоқталар болсақ, Төле би атындағы №8 орта мектебі 1992 жылы 1 шілдеде ашылып, алғашқы күннен бастап-ақ оқу-тәрбие үрдісінде оқушының дарындылық қабілетін дамытуды қолға алып келеді. 1992-1993 оқу жылынан бастап Б. Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтымен пәндерді тереңдетіп оқытуда эксперименттік байланыс жасалды. Оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелі жүргізілуі мектептің жақсы көрсеткіштерге жетуіне негіз болды. Оқушыларды олардың бейімділігіне сәйкес тереңдетіп, сала бойынша, дифференциациялы оқытуды көздейтін негізгі және қосалқы жалпы білім беретін бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында 1997 жылы мектеп гимназия статусының лицензиясы берілді.

Мектеп-гимназия 1999 жылдан бастап «Мұғалімдерді кәсіптік жетілдіру» институтының базалық мектебі болды. 2007 жылы облыстық «Жылдың таңдаулы мектебі» атағын алды. 2001 жылы гимназия статусының ББ-5467 ұзақ мерзімді лицензиясына ие болып, оқытудың инновациялық үрдісіне қадам басты. 2007 жылы облыстық «Жылдың таңдаулы мектебі» атағын алды. 2001-2005, 2009 жылдары гимназия «Қазақстанның 100 үздік мектебінің» бірі атанды. 2018 жылы гимназия «Қазақстандағы 100 үздік мектептің»



қатарына қайтадан кірді. 2019 жылы Республикалық пәндік олимпиада қорытындысы бойынша «Қазақстандағы 50 үздік мектептің» қатарына енді. 2018-2019 оқу жылынан бастап Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату алаңы болып танылды. 2018-2019 оқу жылынан гимназияда «Футбол сабағы» пилоттық жобасы енгізілді. 2019 жылдан бастап «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубын енгізу бойынша тірек мектебі болып белгіленді. 2019-2020 оқу жылынан бастап неміс тілі пәнін оқытатын пилоттық мектеп атанды.

Гимназияның материалдық-техникалық базасы заманауи талаптарға сай жабдықталған.

Гимназия төрт ғимаратта орналасқан. Оқу кабинеттері-61, оның 8-і интерактивтік тақтамен жабдықталған.

Компьютер кабинеті-2, мектептегі компьютерлердің саны – 124, интернетке қосылған компьютерлер- 84-і құрайды.

Гимназияда «Күнделік» ақпараттық жүйесімен педагогтардың 100 пайызы жұмыс істейді. «Bilimland» білім беру платформасын педагогтардың 100 пайызы қолданады. Педагогтардың автоматтандырылған жұмыс орнының үлесі 75 пайызды құрайды. Кітапханашылар автоматтандырылған жұмыс орнымен қамтылған. Электронды оқу залы бар. Гимназияның ресми интернет сайты және әлеуметтік желілерде парақшасы бар. Гимназия интернет желісіне қосылған.

Оқырмандарға қызмет көрсету барысында гимназия кітапханасында 6 компьютер орналасқан. Мектеп кітапханасының қоры 66854 дана кітаппен қамтылған. Оның 8276 данасы көркем әдебиет, оқулықтар, анықтамалық және әдістемеліктер, – 58233 дана, аудио дисктер мен электронды оқулықтар 345 дана. Әрбір оқырманға шаққанда кітап саны 32-ге тең.

Ұстаз – қадір-қасиеті мол, шексіз жауапкершілік пен тынымсыз еңбектің, қажымас қайрат пен шығармашылықтың, үздіксіз іздену мен оқып-үйренудің адамы болғандықтан, оған шәкірт тәрбиелеу міндеті жүктелген. Сондықтан да қарапайымдылық пен кішіпейілділік, адалдық пен әділдік, байқампаздық пен сезімталдық, мейірім мен ізгіліктің үлгісі — ұстазға тән қасиет емес пе? «Бәрі де мұғалімнен басталады» деген орынды сөз, оның білімі, адамгершілігі, балаға деген сүйіспеншілігі, олардың келешекте жеке тұлға болып өсуіне ықпал жасайды. Жан жылуын, бар білімін баланың бойына сіңіріп, әр оқушысының үлкен өмірге білімді азамат болып аттануына зор үлес қосатын мейірбан жүректі ұстаздарымыз аз емес. Сондай ұлағатты ұстаздың шоғыры Төле би атындағы №8 гимназиясында қалыптасқан. Гимназиядағы мұғалімдердің 99 пайызы жоғары білімді, 1 пайызы орта арнаулы білімді болса, 38 пайызы жоғары, 28 пайызы бірінші, 28 пайызы екінші санатты мұғалімдер болып табылады. 20 мұғалім Кембридждік оқу тәсілінің курсын бітірсе, 116 мұғалім жаңартылған білім берудің мазмұны бойынша біліктіліктерін арттырған. Бұл мұғалімдердің 70 пайызын құрайды.

49 мұғалім педагог-зерттеуші, 16 мұғалім педагог – сарапшы, 13 мұғалім педагог – модератор, 1 мғалім «Педагог-шебер» атанды.

Гимназияның алғашқы директоры Молдашбаева Сара Іңкәтқызы. Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері Сара Іңкәтқызы гимназияны 19 жыл бойы абыройлы басқарған басшы.

Сара Іңкәтқызы 2006 жылы «Білім ұясы» II Республикалық конкурсында «Жалпы орта білім берудің үздік менеджері» атағын жеңіп алған. Оның басшылығымен 2001-2005, 2009 жылдары гимназия Қазақстанның 100 үздік мектебінің бірі атанды.

2011 жылдан бастап 2017 жылдың қараша айына дейін гимназияны жоғары санатты физика пәнінің мұғалімі, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, Білім беру саласының үздігі Шымырова Бибіхадиша Әзімқызы басқарды. Гимназия Бибіхадиша Әзімқызының басқаруымен оқыту мен бағалаудың жаңа түрі - несиелік оқыту жүйесіне көшті. Гимназияның материалдық-техникалық базасы барынша жаңартылды. 2014 жылы



Б.А.Шымырова Кембриждік оқытудың деңгейлік курсы бітірді. Гимназиядағы оқыту мен басқару жүйесі білім берудің заманауи бағытына ауысты.

Білім беру мен тәрбиелеу үдерістерін ұйымдастыру мен жетілдірудегі, оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығын қамтамасыз етудегі, білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын іске асырудағы елеулі табыстары, оқушыларды практикалық даярлаудағы, олардың шығармашылық белсенділігін дамытудағы табыстары мен жетістіктері үшін бірнеше мұғалім жоғары марапаттармен марапатталған. «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен бастауыш сынып мұғалімі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.І.Сүгірбекова, бастауыш сынып мұғалімі Г.Мұстафаева, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Т.Шайпитенова, неміс тілі пәнінің мұғалімі Р.Мейрбекова марапатталған. ҚР «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен бастауыш сынып мұғалімі М.А.Нұраханова, орыс тілі пәні мұғалімі Ж.Т.Шайпитенова, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен қазақ тілі пәнінің мұғалімі Д.О.Демегенова, тарих пәнінің мұғалімдері Р.Ж.Наметова, С.Б. Солтанаева, Г.А.Оразқұлова, директор орынбасары Д.Қасымбекова, бастауыш сынып пәні мұғалімі Р.Бұхарбаева, гимназия директоры Ә.Әзімбай марапатталған. «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» төсбелгісімен қазақ тілі пәнінің мұғалімі Д.О.Демегенова, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен тарих пәнінің мұғалімі Р.Ж.Наметова, неміс тілі пәнінің мұғалімі Г.Садықова марапатталған. Қазақстан Республикасының Президентінің Алғыс хаты, Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитетінің Құрмет грамотасы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен тарих пәнінің мұғалімі, гимназия директоры Ә.Ә.Әзімбай марапатталған.

2013 жылы 20 ақпанда гимназияда «Қамқоршылар Кеңесі» қоғамдық қоры құрылған. Қордың алқалы басқару органының президенті Рессаева Ғалия. «Қамқоршылар Кеңесі» қоғамдық қоры балалардың білім алуға құқығы мен мүдделерін қорғау, гимназия оқушыларының ата-аналарының гимназияның дамуы үшін гуманитарлық көмек көрсетуге, оның материалдық-техникалық базасының жетілуіне өз көмегін беріп жатыр. 2018 жылдан бастап Қамқоршылық кеңесі құрылды.

2017 жылдың қараша айынан бастап гимназия директорының міндетін уақытша атқарушы болып, директордың орынбасары Ә.Әзімбай тағайындалды. Әлішер Әзімбайұлы 2018 жылдың 4 сәуір күні Төле би атындағы №8 гимназиясына жаңа форматта өткізілген конкурс нәтижесі бойынша директор лауазымына бекітілді.

Әзімбай Әлішер Әзімбайұлы 1986 жылы Жамбыл облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2009 жылы А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетін «Тарих» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген. 2011 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің магистратурасын үздік аяқтаған. Тарих ғылымдарының магистрі. 2009-2012 жылдары Тараз қаласы Төле би атындағы №8 гимназиясында тарих пәнінің мұғалімі, 2012-2015 жылдары Төле би атындағы №8 гимназия





директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2015-2017 жылдың қарашасына дейін Төле би атындағы №8 гимназия директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары, 2017 жылдың қараша айынан 2018 жылдың наурызы аралығында Төле би атындағы №8 гимназия директорының уақытша міндетін атқарушы, 2018 жылдың 4 сәуірінен бастап Төле би атындағы №8 гимназия директоры болып тағайындалды. Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен марапатталған. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Дін істері комитетінің Құрмет грамотасымен, «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалы төрағасының, Тараз қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Гимназиямызда ашылған күннен бастап жүздеген тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып, өз жалғасын тауып келеді. Гимназияда қосымша біліммен қамту, оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында 30 үйірме секциялары жұмыс істейді. 2018-2019 оқу жылында мектепшілік үйірмеге 1206 оқушы қамтылса, мектептен тыс үйірмемен 800 оқушы қамтылған.

Кез-келген оқу орны өзінің шәкірттерімен мақтанады. Сол сияқты Төле би атындағы №8 гимназиясының шәкірттері де жыл сайын түрлі деңгейдегі білім, өнер спорт бәсекелерінде топ жарып үздіктердің қатарын толықтырып жүр. Бокстан Қазақстанның бірнеше дүркін жеңімпазы, Қазақстан Республикасын Ұлтық құрамасының ойыншысы, Рио олимпиадасының қатысушысы Олжас Сәттібаев, «Инвесторлар Альянсы» компаниясының директоры Әбутәліп Мүтәлі гимназияның мақтаныштары.

Гимназия ашылғалы бері бітіруші түлектердің саны 1987 оқушыны құрайды. Бітірген түлектер еліміздің барлық аймағында әр түрлі саладағы қызметте жүр.

Мектеп бітірген түлектер – 1987,

“Алтын белгі” төсбелгісі иегерлері – 63,

“Үздік аттестат” иегерлері – 123,

“Болашақ” бағдарламасы бойынша грант иегерлері - 14

(Ұлыбритания, Қытай, Германия, Жаңа Зеландия, Шотландия, Ресей, АҚШ)

“Accels” бағдарламасының жеңімпаздары – 5 (Ұлыбритания, АҚШ)

“RAD” бағдарламасының грант иегері – 1 (Германия)

Гимназия оқушыларының бір тобы АҚШ, Канада, Бразилия, Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Польша, Венгрия, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Жаңа Зеландия, Шотландия, Оңтүстік Корея, Түркия сияқты мемлекеттерде білім алып келсе, енді бірі әлі де білімдерін жалғастыруда.

2018 жылдан бастап гимназияда «Гимназияның 10 жаңа есімі», «Ұстаздар әлеміндегі бір есім», «Отандық кино сабағы», «Гимназия оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап», «Ата-ананың жұмыс орнындағы 1 күн», «Білім көзі - кітапта», «7 қайырымды іс» атты әлеуметтік жобалары жүргізілуде. Гимназия ұжымының алар асуы әлі де алда.

Өз атымыздан Гимназия ұжымына және Ержан Орынбасарұлына шығармашылық табыс тілей отырып, зияткер шәкірттеріңіз көп болсын дегіміз келеді!


Оқушымын мен енді! Сөйлеу.

Базарова Баян Рыскелдиновна, бастауыш сынып мұғалімі
«Семей қаласының №15 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Пән: сауат ашу Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 1.Тыңдалым және айтылым		Мектеп: «Семей қаласының №15 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні: Базарова Баян Рыскелдиновна	
Сынып: 1		Қатысқандар:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы		Оқушымын мен енді! Сөйлеу	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)		1.1.1.1* тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну; 1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау; 1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу; 1.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу және құрастыру; 1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	
Сабақ мақсаттары		Барлық оқушылар: Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажыратады, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді; мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтайды; мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды; түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана біледі; сөз/сөйлем сызбасын оқиды және құрастырады; жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады; Көптеген оқушылар: Түрлі жағдаяттарда этикет сөздердің маңыздылығын түсіндіреді; сөзден сөйлем, сөйлемнен мәтін құрастырады. Кейбір оқушылар: Этикет сөздердің қолданысын кең ауқымды пайдалана алады; көлбеу жазу арқылы байланыстырып жаза алады.	
Бағалау критерийлері		1.Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажыратады; 2.Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды; 3.Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана біледі; 4.Сөз/сөйлем сызбасын оқиды және құрастырады; 5.Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, каллиграфиялық талаптарға сай жазады.	
Құндылықтарды дарыту		Топтық, жұптық жұмыс орындау кезінде бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.	
Пәнаралық		№1 тапсырма арқылы өзін-өзі тану пәнімен байланыс жүзеге асты.	

байланыстар		
АКТ қолдану дағдылары	Әртүрлі жағдаяттардағы сөйлеу этикеті арқылы сәйкестендіру (мектепте, үйде, көлікте, дүкенде). Әр оқушы тиістісін сәйкестендіреді	
Бастапқы білім	Сөйлем сөздерден тұратынын, сөз/сөйлем сызбасын біледі. Түрлі жағдаяттарда этикет сөздер қолдана алады.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет	Сабақтың жоспарланған кезеңдері
Сабақтың басы	Оқуға дайындық: сәлемдесу. -Балалар көңіл-күйлеріңіз қалай? Оны біз сурет арқылы көрсетейік (күн мен бұлт). Сабақтың соңында түгеліміздің көңіл-күйлеріміз көтеріліп, күндей жарқырайды деп ойлаймын. Қызығушылықты арттыру үшін жұмбақ жасырамын. -Балалар жұмбақ шешіп көрейік. Білімнен мол сый - асы, Балғындардың ұясы. (Мектеп) -Ол не екен? Мектепке баратын балаларды кім дейміз? (оқушы) Оларды неге оқушы дейміз? Ендеше бүгін біз «Оқушымын мен енді» тақырыбымен танысамыз. (Сабақ мақсаттары-мен таныстырып өту). -Ал білім алуға оларға кім көмектеседі? (мұғалім) Мұғаліммен қалай амандасамыз? Достарыңмен ше? Мектепке барғанда бізге қандай оқу құралдары қажет? (қалам, кітап, сызғыш). Ендеше қазір осы суреттерді таңдап, топқа бөлінеміз. (Топ ережесін еске түсіреді.)	стикерлер   топқа бөлуге арналған кеспе 
Сабақ ортасы	(Т.ж.) №1 тапсырма: «Суреттер сөйлейді» әдісі. «<i>Нәтиже</i>» арқылы саралау. Интербелсенді тактадан суретке тиісті этикет сөздерді сәйкестендіреді. Оқулықтағы тапсырма: Суретке назар аудар. Бұлар қандай бөлмелер? Олар қайда орналас-қан? Дескриптор: 1.Суреттегі бөлмелерді сипаттап анықтайды. 2.Этикет сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрастырады. ҚБ күлегештер арқылы бағалау (Т) (Ж) №2 тапсырма. «Ойлан, жұптас, көмектес» әдісі. Диалог және қолдау көрсету арқылы саралау. Сызбаның көмегімен берілген сұрақтарға жауап беріп көр. -Сынып бөлмесінде отырған кімдер? Олар не істейді? Дескриптор: 1.Сызбаға сүйеніп сұрақтарға жауап береді.	Оқулық, суреттер Сенің бұл берген жауабың екі сөйлемнен тұрады. Олар сөйлеуді құрайды. Тірек-сызбалар 



	2.Сөйлемдер құрастырады. ҚБ «Күн, бұлт» суреті арқылы. (жұптық) Ұ.ж. №3 тапсырма. «Бірге ойлаймыз» әдісі. Қарқын арқылы саралау. - Балалар, мына суретке назар аударайықшы. Бұл суретте кім бейнеленген? Ол неге қуанышты деп ойлайсыздар? Ендеше қазір біз Жарасқан Әбдірашевтің өлеңімен танысамыз. Өлеңді мұқият тыңда. Алақай - ау, Алақай! Алақай - ау, Алақай! Бұдан былай мен енді, Емеспін жай балақай. Осыдан да көлемді Оқи алам өлеңді. Бардым мен мектепке, Оқушымын ен енді! -Өлеңде кім туралы айтылған? Ол қандай көңіл-күйде? Неге ол қуанышты? Осы өлеңнен түсінгендеріңді айтып беріңдерші. * <i>Оқушымын мен енді!</i> сөйлеміне сәйкес сызбаны тауып көр. Дескриптор: 1.Өлеңді мұқият тыңдайды. 2.Сөйлемге сәйкес сызбаны табады. ҚБ «Сөздік бағалау» - ауызша «Жарайсың! Тамаша! Жаксы!»	Оқушы суреті  Оқулық Тірек-сызба 
Сергіту сәті	«Рұқсат етілмейтін қимыл» жаттығуы (Музыкалық тренинг) №4 тапсырма. «Көшіріп жаз» әдісі. Тапсырма тәсілі арқылы саралау. Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (Бояу, сурет салу, сызықтар жүргізу) <i>Қолдауды көп қажет ететін оқушылар</i> суретті бояйды. <i>Қолдауды аз қажет ететін оқушылар</i> сызықтар сызып, кеңістікті бағдарлайды. <i>Қолдауды қажет етпейтін оқушылар</i> көлбеу жазу арқылы байланыстырып жазады. Дескриптор: 1. Суретті бояйды. 2. Әртүрлі (қисық, түзу, сынық) сызықтар сызып, кеңістікті бағдарлайды. ҚБ «Бағдаршам көздері» жасыл, сары, қызыл түсті карточкалармен өзін-өзі бағалау.	Музыкалық сүйемелдеу Дәптер, қалам
Сабақтың соңы	Рефлексия: «Серпілген сауал» әдісі арқылы сабақты қорытамын. Сұрақтары: -Кімді біз оқушы дейміз? Білім алуға қайда келеміз? Бізге кім көмектеседі? Кездескен адамдармен қалай амандасамыз (мұғалім, құрбы-құрдас)? Оқушы қандай болуы керек?	Суреттер



	Өзін-өзі бағалау арқылы кері байланыс:  маған бәрі түсінікті ? сұрағым бар  көмек қажет	
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
№1т. «Нәтиже» арқылы саралау «Суреттер сөйлейді» (т) әдісінде қолданамын. Барлық оқушылар бір тапсырма орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. №2т. «Диалог және қолдау көрсету» саралау «Ойлан, жұптас, көмектес» (жұп.) әдісінде жүзеге асады. Тапсырманы орындау барысында кейбір оқушыларға сөзбен қолдау көрсетіп ынталандырамын. Сұрақтар қойып көмек беремін. Сызба арқылы сөйлем құрауға бағыттаймын. №3т. «Қарқын» арқылы саралауды «Бірге ойлаймыз» (ұ) әдісінде пайдаланамын. Негізгі тапсырманы баяу орындайтын оқушыларға қолдау көрсетіп, біршама уақыт беремін. Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Оларға өлеңдегі сөз/сөйлем санын анықта деген тапсырма беремін. №4т. «Тапсырма» арқылы саралауды «Көшіріп жазу» тапсырмасын орындауда қолданамын. Күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалар ұсынамын. <i>Қолдауды көп қажет ететін оқушылар</i> суретті бояйды. <i>Қолдауды аз қажет ететін оқушылар</i> сызықтар сызып, кеңістікті бағдарлайды. <i>Қолдауды қажет етпейтін оқушылар</i> көлбеу жазу арқылы байланыстырып жазады. Сабақ соңын «Серпілген сауал» әдісі арқылы қорытындылаймын.	№1т. Күлегештер арқылы топтық бағалау. №2т. Күн, бұлт суреті арқылы жұптық бағалау. №3т. Қолдау сөздер арқылы мадақтау, бағалау. –Керемет! Тамаша! Жақсы! №4т. «Бағдаршам көздері» жасыл, сары, қызыл түсті карточкалармен өзін-өзі бағалау. Кері байланыс арқылы оқушылардың тақырыпты қалай меңгергенін анықтаймын. Күн, бұлт суреттері арқылы оқушылар өздерін бағалайды.	Топқа бөлінгенде, сергіту сәтінде қауіпсіздік ережесін сақтау. Партада түзу отыру.
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		



«Көңілді ноталар» атты үйірменің жоба жұмысы

Бердығалиева Гульназ Мерамовна, саз жетекші
БҚО, Орал қаласы №34 «Балбұлақ» бөбекжайы МКҚК

Жоба түрі: шығармашылық.

Жобаға қатысушылар: №34 «Балбұлақ» бөбекжайының ортаңғы және ересек топ бүлдіршіндері.

Жүргізілу уақыты: 2019-2020 оқу жылы

Өзектілігі: Балаға жүйелі, мақсатты жан-жақты тәрбие беріп музыкалық қабілеттірін дамытудың негізгі формасы – музыка. Баламен жеке жұмыстану мақсатында, музыкадан үйірме жұмыстары жүргізіліп отыр. Үйірмеде баламен әртүрлі бағытта жұмыстар атқарылады. Мысалы: ән салу, музыка тыңдау, музыкалық қимылдар, аспапта ойнау музыкалық сауаттылық элементтерімен танысу арқылы баланың жеке басының эстетикалық сана сезімі, музыкалық қабілеттері дамып, өзбетімен шығармашылық әрекет ету сезімі дамиды. Музыка – жүрек тілі, оны тек жан-дүниесімен түсінетін адам ғана қабылдай алады. Музыка шынайы өнер, балаға әсер ете отырып, құдіретті эмоциялық орасан зор күш арқылы эстетикалық талғамын оятады. Музыканы дұрыс түсіне білуге тәрбиелеу арқылы баланың ой-өрісін, сезімін, санасын, қиялын, талғамын жалпы өнерге деген сүйіспеншілігі мен мәдениеттілігін дамытады.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі баланың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, әндердің эмоционалды орындалуын дамыту, әнді орындау кезіндегі дұрыс тыныс алуды қалыптастыру, дыбысты дұрыс шығару, дикцияның анық болуымен жұмыс жасау. Жас талантты бүлдіршіндердің бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту, әншілік өнерге баулу. Музыкалық сауаты, эстетикалық және рухани ой-өрісі дамыған, музыка өнерінің адам өміріндегі мәнін жете түсіне алатын ұрпақ тәрбиелеу. Түрлі музыкалық іс-әрекет арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, эмоциялық-сезімдік саланы, ұлттық музыкаға және өзге де елдердің музыкасына тұрақты қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Міндеттері: Ән айту ережелерін үйрету. Музыканы тыңдау, есту қабілеттерін қалыптастыру. Әнді таза, мәнерлі, әсерлі орындауға үйрету. Музыканың мазмұны мен сөзін түсіне білуге үйрету. Музыка мен сөз аралығындағы бірлікті сезіну. Шығарма мазмұнын түсініп, ажырата біліп, қызығушылықпен орындай білуге үйрету. Музыкалық мәнерлілік құралдары, негізгі музыка формалары мен жанрлары туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; дыбыс жоғарылығын есту және ырғақтық бейнесін түсіну дағдыларын қалыптастыру; музыка туралы өз пікірін білдіру дағдыларын қалыптастыру; Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақ мәнерін, түсініп, ажырата білу. Үйірме мүшелерінен хор ұжымын ұйымдастыру. Балалардың музыкалық білімін жетілдіру. Ән өнерінің ерекшеліктерін ұқтыру, әнді кәсіби деңгейде орындауға тәрбиелеу. Жеке немесе топпен ән орындата отырып, бірнеше музыкалық конкурстарға қатыстыру.

Күтілетін нәтиже: Балалардың халық алдында еркін ән салуға немесе аспаптарда ойнауға дағдыланады. Әуеннің ырғағын тыңдай отырып, бірге ән салады және қажетті интонацияда дұрыс айтуды меңгереді. Музыкалық ертегі қойылымдарында өздерін еркін ұстай біледі. Әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды; олардың мазмұндары туралы айта алады; сөздерді созыңқы және анық айтады; би сипатындағы музыканы эмоционалды түрде қабылдайды; хор айтуға үлкен шеңберге тұра алады; музыка жанрларын ажыратады; музыкалық аспаптардың атауын атап бір-бірінен ажырата алады.



Әдіс-тәсілдері: Балалармен жеке және топтық жұмыстар жүргізу. Шулы және ұрмалы аспаптармен ансамбльдер құру, түрлі дауыс жаттықтырулар, балаларға сахнада ән, тақпақтар айтқыза отырып, оларды еркін сезінуге дағдыландыру, Әннің сөздерімен жұмыстану.

Жоба кезеңдері:

I кезең – ұйымдастырушылық

II кезең – негізгі кезең

III кезең – қорытынды

Ұйымдастырушылық кезең:

Тақырып бойынша әдебиеттерді, аспаптарды, қажетті құрал-жабдықтарды жинау. Балалардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай, мақсат-міндеттер қою. Алдағы іс-әрекеттерді жоспарлау. Балалардың жас ерекшелігіне сай репертуарларды таңдау. Үйірмеге қатысушы балалардың тізімдерін анықтау.

Негізгі кезең: Үйірмеге қатысушы балалардың сабақ кестесін анықтау, оларға жеке және топтық әндер беру және жаттату. Ұрмалы және шулы аспаптармен таныстыру. Балалар композиторлары туралы түсінік беру.

Қорытынды кезең: оқу жылы бойына үйірмеге қатысқан балалар бірнеше ертеңгіліктерде өз өнерлерін көрсете алады, жеке және топ болып әндер шырқайды. Бөбекжайдан тыс қала және облыс көлеміндегі бірнеше музыкалық ән байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болады.

Мерзімі	Мазмұны	Репертуарлар	Мақсат-міндеттері	Түрі
Қыркүйек	Балалардың дауысын қою. Балабақша туралы әндер үйрету.	«Бөбекжайым-Балбұлақ» «Балалық балғын шақ»	Балаларды әнді мәнерлі сүйемелдеуге ілесіп орындауға үйрету.	балалар дауыстарымен жұмыс
	Есту және дауысты дамыту жаттығулары	«Ана тілім» «Алтын күз»	Балалардың дауыстарын дамыту және музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрену.	Дауыс жаттықтыру
Қазан	Музыка ырғағына ілесу, музыканы өздігінше тыңдай білуге үйрету.	«Ертегілер әлемі» «Қуыршағым»	Әнді жеңіл ойнақы, мәнерлі орындауға үйрету.	Дуэт, трио топтарымен жұмыс
	Жаңа әнмен таныстыру, мазмұны бойынша әңгіме, әуен мен мәтінді оқып үйрену. қолмен ән айту, сөз тіркестерімен ән айту, сөз тіркестеріне, буындарға әуен айту	«Ойыншықтар» «Айгөлек»	Әнді бірге бастауға және аяқтауға үйрету; аспаптың сүйемелімен әнді мәнерлі, жеңіл орындату	Әндерді жаттау және орындау
Қараша	Сахна мәдениетіне тәрбиелеу. Ән айту барысында өзін ұстай алуға баулу. Ұрмалы аспаптарда ансамбль құру.	«Тәуелсіздік тірегім», «Туған жер» «Жаса Қазақстан»	Отан, туған жер туралы түсініктерін қалыптастыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу, әнді патриоттық сезіммен орындауға баулу.	Буындарға бірнеше жаттығулар айту.
	Дауысты дыбыстарға жаттығулар	«Менің елім» «Мен елімнің ертеңі»	Өз дауысын естуді үйрету, әнді орындау кезінде сөздерді анық айтуға дағдыландыру.	Әндерді жаттау және орындау
Қелтоқсан	Микрофонмен жұмыс жасауға үйрету, минусовкамен ән	«Жасыл шырша жанында» «Шырша жыры»	Балаларға жаңа жылдық мерекелік көңіл-күй сыйлау, әнді ерекше	Жеке, топтық жұмыс



	айтқызу.	«Жаңа жыл»	сезіммен көңілді орындауға үйрету.	
	Музыка ырғағына сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Музыкалық ертегілік қойылымдарда кейіпкерлерді сомдату.	«Ақшақар» «Новогодные игрушки»	Ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін нақышына келтіріп айтқызу.	Кейіпкерлермен жұмыс
Қаңтар	Аспаптың сүйемелдеуіне ілесіп, музыка ырғағына сай әнді сазды орындауға үйрету. (жыл мезгілдері, табиғат, құстар, жануарлар, жәндіктер туралы әндер)	«Қошақаным» «Қарлығаш»	Табиғатты аялауға, қорғауға шақыру, Табиғат аясындағы әсемдікті тануға, сезінуге тәрбиелеу.	Дуэт, трио, квартет топтарын құру.
	Үйренген әндерін орындату	«Көбелек» «Ботақаным бөбегім»	Музыкалық есте сақтау қабілетін дамыту (жаттау), топтық ән айту, ән орындау барысында қимыл-қозғалыстарды қосу	Әнді орындау.
Ақпан	Хормен ән айту дағдыларын қалыптастыру, ән айту барысында топпен бірдей дыбыс шығаруға, балалардың дауыс үндестігін келтіре орындату. (Отбасы, Ана туралы әндер)	«Ақ мамам» «Әжем менің әйбат» «Ақ гүлдер», «Мамамның мерекесі», «Аяулы ана»	Анаға деген махаббатты әнмен жеткізуге үйрету, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.	Хормен жұмыс
	Үйренген әндерін орындату	«Ақ мамам» «Әжем менің әйбат» «Ақ гүлдер», «Мамамның мерекесі», «Аяулы ана»	Әуенді дұрыс интонацияда орындату, әннің кіріспесін түсіндіру.	Әндерді үйрену және орындау.
Наурыз	Қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру, дыбыс үнін ажыратуға үйрету. Дыбыстың динамикалық күшін, бояуын сезінуге, ажыратуға баулу.	«Армысың әз-Наурыз» «Қош келдің Наурыз»	Қазақтың ұлттық мейрамдары туралы түсінік беру. Бала бойында ұлттық құндылықтарды сіңіру.	Топтық жұмыс.
	Үйренген шығармаларын орындату.	«Менің жүйрік тұлпарым» «Жау, жау жаңбыр»	Әнді сазды үнмен ырғақтан қалмай, үйлесімді орындауға баулу.	Әнді орындау.
Сәуір	Минусовкамен микрофон арқылы жеке дауыста ән айтуға дағдыландыру.	«Мен бақытты баламын» «Тәтті-тәтті» «Бала тілегі»	Әнді шаттана, музыка ырғағына қосылып әндете орындауға талпындыру.	Хормен жұмыс



	Әнді әуенмен бірге бастау, дыбысты созу, әуенді мәнерлі орындату. (балаларға арналған әндер)	«Балдырғандар әні» «Балалық шақ»	Баланың дауыс диапазонын дамыту.	Балаларға әнді орындату.
Мамыр	Дауыс жаттықтырулар арқылы балалардың диапазондарымен жұмыстану.	«Дос болайық бәріміз» «Тілегіміз бейбіт күн».	Балаларды достыққа, татулыққа шақыру, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.	Жеке және топпен жұмыс.
	Музыкалық сауаттылық	«Детство» «Достар әні» «Ағайынбыз бәріміз»	Дыбыстардың биіктігін ажырату, Әнді орындау барысында паузаны білу және қорытынды бөліктерін түсініп білу.	Жеке және топпен жұмыс.
Барлық сағат саны		18		

«Удивительный мир звуков»

(Музыкальное занятие по принципам К.Орфа для детей старшего дошкольного возраста)

Веревкина Ольга Ивановна

Музыкальный руководитель высшей категории

ГККП «Ясли-сад «Малыш» г.Петропавловск

Программное содержание:

Познакомить детей с окружающим их миром звуков (осознание того, что звук живет во всем, во мне..). Стимулировать фантазию, воображение.

Развивать темброво-ритмический слух, простейшие слухово-зрительные представления и ассоциации, используя речь, движение и игру.

Дать представление о длинных и коротких звуках.

Добиваться четкой артикуляции и дикции в речевых играх и упражнениях, построенных для восприятия детей.

В игровой форме познакомить с графической записью звучащих жестов. Способствовать установлению отношений творчества и сотрудничества между участниками занятия.

Оборудование:

Колокольчик.

Шумовые инструменты (игрушки-самоделки).

Металлофон.

«Гномик» - игрушка.

Шкатулка – сюрприз (коробочка с клубочками, ножницы, фрукты-муляжи)

Магнитно-маркерная доска, маркер.

Ход занятия:

Дети входят в зал под спокойную музыку, которая постепенно затихает.

М.Р.: Здравствуйте, ребята! Я рада встрече с вами и хочу вас поприветствовать.

(Звонит колокольчиком)

Дили, дили, дили, дили

Колокольчики будили

Дили – день, дили – день



Здравствуй, здравствуй.

Новый день!

М.Р.: Ребята, я хочу с вами поближе познакомиться, а поможет мне в этом волшебный колокольчик.

Игра «Знакомство»:

(Муз. Рук. подходит к ребенку и поет: «Как тебя зовут?», ребенок берет колокольчик, поет свое имя и звенит колокольчиком и т.д.).

-Если пойти гулять на улицу, инструменты брать с собой хлопотно, тяжело. Но есть инструменты, которые у нас всегда с собой, поищите их.

(Дети ищут в карманах, туфлях и т.д.)

Педагог показывает всем какие инструменты есть у него: Хлопает в ладоши.

- А у вас есть такой инструмент?

(дети начинают хлопать)

- А какой еще есть у вас инструмент?

(с помощью педагога дети находят в себе разные инструменты – звучащие жесты (хлопки, щелчки, притопа, трение ладонями и т.д.)

- Вот видите, сколько у нас инструментов. Теперь мы можем озвучить и проиграть мое приветствие.

Попевка «Дили-дили» со звучащими жестами:

имитируют игру на колокольчике:

2 щелчка

2 притопа

2 хлопка

2 шлепка

- Вот такая наша музыка. Мы нашли ее в себе.

А теперь послушаем музыку вокруг нас. Закройте глаза.

(Дети закрывают глаза, присаживаются на корточки – спят. Муз. Рук. поет.)

Попевка «Много разных звуков»

Много разных звуков

Ранним-ранним утром

Окружает нас

Всюду тишина,

Даже если тихо

Но ее послушай –

В комнате сейчас

Звуками полна.

(После песни проводится за ширмой слушание звуков окружающего мира, издаваемого игрушками-самоделками и шумовыми инструментами.

Муз. руководитель говорит и воспроизводит звуки:

-вот тихонько шуршит трава (кубик)

-еле слышно закивали головками колокольчики – (колокольчик)

- проснулась вода в озере (легкое глиссандо на металлофоне)

- засвистели птички (свистулька)

- Вот и вам пора вставать,

Не хотим мы больше спать!

- Ребята, а на чем я играла?

-Может кто-то знает?

(Дети высказывают предположения)

- Хотите посмотреть?

Затем ширма открывается, дети подходят к шумовым инструментам и обследовав предметы, приходят к выводу- как это звучит и какие звуки окружающего мира напоминают.

- У нас целый оркестр. Хотите стать музыкантами? Я буду дирижером, а вы музыкантами. Кому дирижер взмахнет одной рукой – тот играет. А как только взмахну двумя руками – играем все вместе (тутти)

Оркестр шумовой под песню «Пчелочка золотая»

- Как вы весело играли. Молодцы. Хлопаем себе. Подойдите ко мне.



Подготовительное упражнение «Обезьянки»

(Проснувшись утром обезьянки потянулись, улыбнулись, зевнули, покорчили в зеркало рожицы, помахали друг другу. Сорвали банан, пожевали и вдруг, обезьянка Чичи отняла банан у обезьянки Чучу.

Чичи стало весело (**веселые губы**),

а Чучу стало грустно (**грустные губы**).

Затем обезьянки стали прятать орешки то за одну щечку, то за другую (**выпираем язычок**).

Щелкать орешки, дразниться языком.

Какие шустрые язычки и какая у нас шуточная песенка язычков и пою припев песенки «Ама-лама»

(**разучивание припева песенки**)

+ **звучащие жесты**

+**металлофон 1й до-ре**

2й до-фа

+**колокольчики до-фа**

- А не хотели вы услышать всю песенку и принять в ней участие?

Шуточная песня «Ама-лама»

Песенка-зарядка. Дети сопровождают пение движениями, которые придумывают сами. Можно кистями рук показать, как трепещет листва и паучок спускается вниз по паутинке. Припев-скороговорку можно не петь, а декламировать, сопровождая ее простым аккомпаниментом звучащих жестов.

1. Просыпается листва,

И проснулся паучок.

Вот проснулась голова,

И проснулся язычок.

Припев:

Ама-лама-лама,

Чоко, балабама

Эки, вэки, буки,

Ама, лама, лама,

Чоко, бала – бама,

Онэ, коко-юки.

2. Прыгают кузнечики

Зажужжали мухи

Просыпайтесь, плечики,

Просыпайтесь, руки.

Припев тот же.

3. Вот проснулся муравей

И сороконожки

Просыпайтесь поскорей

Пяточки и ножки.

Припев тот же.

Звучит «Шествие гномов» из сюиты «Пер Гюнт» Э.Грига, дети слушают фрагмент музыкального произведения.

- Что вы себе представили, слушая эту музыку? Про кого она? Как вы думаете?

(**дети фантазируют**).

- Эта музыка о сказочных героях, гномах. Поэтому она так и называется «Шествие гномов» композитора Э.Грига.

- Как вы думаете, где живут гномы?

Я хочу рассказать об одном из них, потому что он пришел к нам в гости.

(**Показывает детям гномика-игрушку**).

- Зовут его Погуляй-ка.

(**Дети здороваются с гномом**)

- Гномик очень любит путешествовать и гулять по музыкальным тропинкам, напевая песенки.

А еще, гуляя, он слушает журчание ручейка, шепчется с озорным ветром, играет в прятки с солнечными зайчиками.

Одним словом, много-много удивительного и музыкального встречается ему на пути!



И вот однажды гномик Погуляй-ка нашел на музыкальной тропинке шкатулку. Он решил принести ее к нам в д/сад. Что же тут лежит?

(Достает шкатулку, из которой свисают ниточки).

- Вот озорник! Предлагает поиграть в игру «Чей звук дольше».

